

**ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ,
ӘЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ
ПРОФЕССОРЫ
САЙЛАН БОЛАТ
САНАБАЙҰЛЫ – 50
ЖАСТА!**



2017 жылдың 11 сәуірінде тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, 1993 жылғы ҚазҰУ-дың түлегі, Ауған соғысының ардагері Болат Санабайұлы Сайлан 50 жасқа толды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясының «Хабаршысы» ұжымы мерейтой иесін туған күнімен құттықтай отыра, оған зор денсаулық, мол бақыт және шығармашылық табыстар тілейді.

Болат Санабайұлы Сайлан 1967 жылы 11 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Турбат селосына қарасты, Еңбек ауылында көп балалы Сайлановтар отбасында ең кенже, оныншы сәби болып дүниеге келеді. Болаттың әкесі Сайланов Санабай – Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері, ал анасы Сайланова Бәгіс – тыл ардагері болады.

Болат Санабайұлы 1974-1976 жж. «Еңбек» бастауыш мектебінде бастауыш білімді, одан әрі 1977-1984 жж. Турбат селосындағы «Қазанның ХХХ жылдығы» он жылдық мектебінде орта білімді алады. Он жылдық мектепті үздік аяқтаған Б.Сайлан сол жылы жоғары оқу орнына түсе алмай, ауылында бір жыл колхозда қара жұмысшы болып еңбек жолын бастайды. 1985 жылы сәуір айында 18 жасқа толысымен әскер қатарына шақырылады да, үш айлық дайындықтан соң, толық екі жыл,

яғни 1985 жылдың 4 тамызынан 1987 жылдың 7 тамызына дейін Кеңес әскерлерінің Ауғанстан территориясындағы шектеулі контингенті құрамында қызмет етеді.

1987 жылы күзде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға (бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) құжаттарын тапсырып, сынақтардан сүрінбей өтеді де, дайындық факультетіне қабылданады. 1988 жылы дайындық факультетін үздік бағаларға аяқтап, университеттің тарих факультетінің 1-курсына қабылданады.

1988-1993 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде оқыды. Тарих факультетінде оқыған жылдары қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, факультеттің комсомол және кәсіподақ ұйымдарының, түрлі үйірмелік жұмыстардың белсенді мүшесі болады.

1993 жылы тарих факультетін үздік бітірген Болат Санабайұлы конкурс бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне оқытушылыққа қабылданып, 2012 жылға дейін осында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. 1998 жылы 28 сәуірде профессор К.Р. Аманжоловтың жетекшілігімен Ш. Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтында «Ауған соғысы және оған қазақстандықтардың қатысуы (1979-1989 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

1999-2001 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дайындық факультеті деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2001-2004 жылдары осы факультеттің деканы қызметтерін атқарады. Осы қызметте жүргенде Болат Санабайұлы факультет тыңдаушыларын білім мен біліктілікке тәрбиелеуде зор үлесін қосып, олардың республикамыздың түрлі жоғары оқу орындарына түсуіне аянбай атсалысады.

2010 жылы 1 шілдеде ҚР ҰҒА академигі К.Н. Нұрпейісовтің ғылыми кеңесшілігімен «Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.)» атты докторлық диссертациясын Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетіндегі диссертациялық кеңесте қорғайды.

2011-2012 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ал 2012 жылдан өзі білім алған қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасына қайта оралды.

Болат Санабайұлы педагогикалық қызметімен қатар Отандық тарих ғылымының дамуына өз үлесін қосып келеді. Оның қаламынан бірнеше монографиялар мен 100-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектер, мақалалар, оқу құралдары мен типтік бағдарламалар дайындалды. Оның ішінде: «Ауған соғысының ақиқаты (1979-1989 жж.)» (2001 ж.); «Боздақтар мәңгі жадымызда (1979-1989 жж.)» (2001 ж.); «Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты (1917-1991 жж.)» (2011 ж.); «XVI-XIX ғасырлардағы Қазақстанды зерттеу тарихынан» (2011 ж.); «Қазақстандағы алғашқы жастар ұйымдарының құрылу тарихы (1917-1925 жж.)» (2015 ж.); «Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар» (2016 ж.) атты көлемді зерттеу еңбектері мен оқу құралдарын ерекше айтуға болады.

Ауған соғысының аяқталғанына 10, 15, 20 және 25 жыл толуына байланысты өткізілген республикалық конференцияларда «110 айға созылған ауған соғысының қан жылатқан кейбір шындықтары», «Ауған соғысының ерекшеліктері», «Қазақстандықтар қатысқан шектеулі контингент», «Ауған соғысында хабарсыз кеткен боздақтар», «Сәуір төңкерісі бастаған соғыс», «Ауған синдромы», сонымен қатар Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60, 65, 70 жылдығына орай «Қазақстандық жастар Кеңес-Герман соғысында», «Қазақстан жастарының Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл майданындағы күресі (1941-1945 жж.)», «Бауыржан Момышұлы және Ұлы Отан соғысы», «Жастар жанқиярлық танытқан жеңіске – 70 жыл», «Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтар» және т.б. отандық тарихтағы өзекті проблемалар бойынша баяндамалар жасап, мақалалары жарияланды.

Болат Санабайұлы – ғылыми педагогикалық кадрлар даярлауға да атсалысып келе жатқан ұлағатты ұстаз. Оның жетекшілігімен 50-ден аса тарих мамандығын бітіруші диплом жұмысын қорғаса, 10-нан аса магистрлер диссертация қорғады. Көптеген шәкірттері республикамыздың білім ошақтарында қызмет атқаруда.

Республикамыздың Ауған соғысы ардагерлеріне арналған «Қазақстан ардагерлері қауымдастығы», «Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері», «Ардагер», «Ауған соғысы мүгедектер қоғамы», «ОҚО Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері қауымдастығы» және т.б. ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Болат Санабайұлы «Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған университеттік конкурстың» жеңімпазы (2010 ж.), Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі (2009 ж.), бірнеше үкіметтік және ведомстволық наградалар мен алғыс хаттардың иегері.

Болат Санабайұлы өзінің 50 жасына белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, ардақты ардагер, төрт баланың әкесі жағдайында келіп отыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясының «Хабаршысы» ұжымы мерейтой иесін тағы да туған күнімен құттықтай отыра, оған зор денсаулық, мол бақыт, қайрат пен жігер, шығармашылық табыстар және отбасының амандығын тілейді.

*Дайындаған:
т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев*